

Түркістан облысы
Түркістан қаласы
Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласының білім
бөлімінің «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

ӨЗІН – ӨЗІ БАҒАЛАУ

2024 жыл

Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Түркістан қаласы Т.Рысқұлов көшесі №9 М «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 2024 жылғы 03 маусым айындағы №90 бұйрығымен құрылды:

1. Г.Ешмуханова – санаторлық бөбекжай-бақшасы меңгерушісі комиссия төрайымы
2. У.Ешпанова – педагог-психолог комиссия мүшесі
3. М.Ахмет – кәсіподақ төрайымы комиссия мүшесі
4. Ж.Бейсенбаева– тәрбиеші комиссия мүшесі
5. Л.Абдразакова – тәрбиеші комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген PDF форматталған файылдарға салынды және сайтқа жүктелді.

«Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы КММ-нің үш жылдың оқу процесін зерделеп, олардың білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

**1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы «Келешек»
санаторлық бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік
мекемесі туралы ақпараттық анықтама**

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Түркістан облысының білім басқармасының Түркістан қаласының білім бөлімінің «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Т.Рысқұлов көшесі №9М
3	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон: 87776944949 Электронды поштасы: Keleshek_sanatory@mail.ru , instagram com/keleshek_sanatory
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Ешмуханова Гулжахан Калдановна «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023 жыл 28 тамыз №495 бұйрығымен қайта тағайындау.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құқықтары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/ куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Түркістан облысы Әділет департаменті Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 08.09.2023жыл БСН 131040012011
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	«Монополияға қарсы агенттік» ММ №67-н/қ 02.10.2013ж, Мекемені құру туралы Түркістан қаласы әкімдігі 24.09.2013 жыл Қаулы №1725 , қайта құру туралы 27.02.2014 жыл Қаулы №234, 18.08.2015 жыл Қаулы №1168, 12.09.2017жыл №1510, 06.11.2018жыл Қаулы №1456, 25.01.2021жыл, 08.09.2023жыл
7	Құрылған жылы	2013
8	Типтік ғимарат	Бейімдік
9	Топтар саны	6
10	Балалардың оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер : 2 ауысым
13	МДҰ-ның жобалық әуелеті	125 балаға арналған. Мемлекеттік лицензия 03.08.2017ж 0110977DX , СЭС қортындысы №Х.15.Х.КЗ36VBSOOO66028

Санаторлық бөбекжай-бақшасы ғимараты 2 қабатты бейімдік жағдайда салынған. Балабақша жер учаскесінің алаңы-751,1 ш.м. Ғимараттың ауқымы-263,5, құрылыс ауданы-476,3 ш.м. Санаторлық бөбекжай-бақшасы 6 топқа арналған.Әр топтың жатын бөлмелері және ойын бөлмелері бөлектелінген. Әр опқа киім ауыстыру бөлмесі, буфеті бөлектелінген, талапқа сай. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс істейді.

Кіші жас топ «Жауқазын»
Ортаңғы топ «Балауса»
Ортаңғы топ «Бәйшешек»
Ортаңғы топ «Түймедақ»
Ересек топ «Қызғалдақ»
МАД тобы «Гүлдер»

Тәрбиеленушілер мемлекеттік қазақ тілінде тәрбиленуде.

Балабақша ғимаратында музыка және денешынықтыру бөлмесі, мед кабинет , асхана үш бөлмеден тұрады (ас дайындау, қойма, ыдыс жуу орны), қажетті жабдықтармен жабдықталған. Асхана ыстық , салқын сумен жабдықталған. Кір жуу және үтіктеуші бөлмесі жұмыс жасайды. Арестонмен жабдықталған. Жылу жүйесі, кәріз жүйесі жүргізілген. Су орталықтандырылған. Су құбыры ғимарат ішіне кіргізілген. Балабақша өртабыл түймешесінің автоматты хабарлау жүйесінің, оның ішінде ішкі дыбыстық хабарлау жүйесі және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Санаторлық бөбекжай-бақшасында медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау, бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал-сайман жабдықтармен жабдықталған.

Балабақша ауласы көгалдандырылған, шырша ағаштары, жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңында әр топтың саялы көлеңкелі ойын алаңдары бөлек орналасқан. Сонымен қатар балаларға түрлі ойнайтын ойын алаңдары орнатылған. Гүл алаңқайлары және балалардың денсаулығын нығайтатын бассейн спорт алаңы бар.

Санаторлық бөбекжай-бақшасының арнайы бөлмелері:

- Меңгерушінің кабинеті;
- Мед кабинеті;
- Әдіскер кабинеті;
- Психолог, дефектолог, логопед кабинеттері;
- Музыка, денешынықтыру кабинеті;
- Есепші кабинеті;
- Асхана;
- кір жуу бөлмесі

Ата-аналар үшін топта «Денсаулық» , «Қауіпсіздік ережелері» жылжымалы папқалар безендірілген. Әр топта «Денсаулық» , «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде «Ұлттық бұрыш» , «Қазақ әліпбиі». Балабақша дәлізінде «Шакан», «Бауырсақ» ертегілері, ширмалар әр үрлі тақырыпта безендірілген , топтарда «Ойыншықтар сүресі», кітаптар сөресі, білім дағдылары бойынша дамытушы орталықтар жасақталған стенділер: Логопед, дефектолог балалармен білім беру барысындағы

түзету- дамыту жұмыстары , Логопед - деген кім ?, Дефектолог- деген кім ?,
Психологиялық қызметтің әдістемелік қамтылуы,

3. Тәрбиеленушілер контингенті

2023-2024 оқу жылында алты топ жұмыс жасақталды.

Қ/с	Топ атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны
1	Кіші жас топ «Жауқазын»	2 жастан бастап	20
2	Ортаңғы топ «Балауса»	3 жастан бастап	20
3	Ортаңғы топ «Бәйшешек»	3 жастан бастап	20
4	Ортаңғы топ «Түймедақ»	3 жастан бастап	20
5	Ересек жас топ «Қызғалдақ»	4 жастан бастап	20
6	МАД топ «Гүлдер»	5 жастан бастап	20
	Барлығы		120

Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау:

«Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 3 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

Топ/сынып атауы	Оқыту тілі	Тәрбиеле нушілер саны	Тәрбиеленушілердің жастары					
			1	2	3	4	5	6
Кіші жас топ «Жауқазын»	қазақша	20		20				
Ортаңғы жас «Балауса»	қазақша	20			20			
Ортаңғы жас «Бәйшешек»	қазақша	20			20			
Ортаңғы жас «Түймедақ»	қазақша	20			20			
Ересек жас топ «Қызғалдақ»	қазақша	20				20		
МАД жас топ «Гүлдер»	қазақша	20					20	

4. Оқу әдістемелік жұмыс

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген білім беру саласының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді;

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекеттері МЖМБС талаптарына сәйкес «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Педагогикалық ұжым балаларға тәрбие мен білім берудің сапасын көтеру мен жетілдіруге байланысты мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің мемлекеттік білім беру стандартын игеру деңгейі бағдарламалардың барлық тараулары бойынша іске асырылуда.

2021-2022 оқу жылында «Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы КММ –де Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандартын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие

мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12 тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, әр топтың оқу жоспары дайындалды. Қазақстан Республикасының Денсаулық министрлігінің 2017 жылы 17-тамыздағы № 615 өзгерістерімен №59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары мен сәбилер үйлеріне үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып, санаторлық бөбекжай-бақшасының оқу жоспары жасалынды. Барлық жас топтарында үлгілік оқу жоспарына сәйкесапталық оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Үлгілік бағдарлама мазмұнының іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру дағдылары негізінде жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі:

«Жауқазын» (1 жастан бастап) ерте жас топта «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». Барлығы апталық жүктеме: 7 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 7-10 минут.

«Балауса» (2 жастан бастап) кіші топта «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». Барлығы топтың апталық жүктемесі: 9 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 10-15 минут.

«Бәйшешек», «Түймедақ», (3 жастан бастап) ортаңғы топта «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». апталық оқу жүктемесі – 11 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут. Вариативтік компоненттен 1 сағат.

«Қызғалдақ» (4 жастан бастап) ересек топта «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». апталық оқу жүктемесі – 12 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут. Вариативтік компоненттен 2 сағат.

«Гүлдер» (5 жастан бастап) мектеп алды даярлық тобы «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта». апталық оқу жүктемесі – 17 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут. Вариативтік компоненттен 3 сағат.

2022-2023 оқу жылында «Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы КММ-де Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі-Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білі және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспарлары);

- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.
- 5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан жақты дамыту мына бағыттар бойынша:- физикалық дамыту;- коммуникативті дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармалылық дағдыларын, зерттеу іс әрекеттерін дамыту;- әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырады.
 - 1) Денешынықтыру (Ерекшк тәрбиеленушілер үшін бейімделген денешынықтыру)
 - 2) Жүзу «жүзу бассейні болған кезде»
 - 3) Сөйлеуді дамыту
 - 4) Көркем әдебиет
 - 5) Сауат ашу негіздері
 - 6) Қазақ тілі
 - 7) Сенсорика
 - 8) Математика негіздері
 - 9) Құрастыру
 - 10) Қоршаған ортамен таныстыру
 - 11) Сурет салу
 - 12) Мүсіндеу
 - 13) Жапсыру
 - 14) Музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер берілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет-балабақшаның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

«Денешынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет денешынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасын ортаңғы және ересек топта бір рет, мектеп алды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқада әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың мектепке оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектеп алды даярлық тобында сауат ашу негіздері аптасына 2 рет өткізіледі.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика

негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілермен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдарымен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес сондай ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектеп алды топтарында аптасына 2 рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

Тәрбиелеу –білім беру процесі

1. Перспективалық жоспар
2. Циклаграмма
3. Бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтар оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды.

Циклаграмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Мониторингтің мақсаты;

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- - түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- Баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

2023-2024 оқу жылында «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасында Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі -Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №17657 болып тіркелген) (одан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметін үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі- Үлгілік оқу жоспарлары);

- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білі және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы №499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.
- 5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.
- 6) Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша : - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, - шығармашылық дағдылары, зерттеу іс әрекетін дамыту; - әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:
 - 1) Денешынықтыру (Ерекшк тәрбиеленушілер үшін бейімделген денешынықтыру)
 - 2) Жүзу «жүзу бассейні болған кезде»
 - 3) Сөйлеуді дамыту
 - 4) Көркем әдебиет
 - 5) Сауат ашу негіздері
 - 6) Қазақ тілі
 - 7) Сенсорика
 - 8) Математика негіздері
 - 9) Құрастыру
 - 10) Қоршаған ортамен таныстыру
 - 11) Сурет салу
 - 12) Мүсіндеу
 - 13) Жапсыру
 - 14) Музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер берілді.

«Денешынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет денешынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасын ортаңғы және ересек топта бір рет, мектеп алды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқада әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың мектепке оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектеп алды даярлық тобында сауат ашу негіздері аптасына 2 рет өткізіледі.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілермен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдарымен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу , мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес сондай ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте , кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектеп алды топтарында аптасына 2 рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

«Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

5. Кадрлық құрамға талдау

Кадрлық құрамды бекіту «Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мен балабақша Жарғысына сәйкес педагогикалық ұжым мен білім ұйымдастыру басшысымен қалыптастырылады. Педагогикалық кадрларға қабылдау басқарушы мен педагогикалық жұмысшы арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. 2023-2024 оқу жылында 34 педагог жұмыс атқарады, оның ішінде жоғары білімді- 31, арнайы орта-3 педагог. Мемлекеттік күндізгі оқу орнын бітірген педагогтар -11, Сырттай мемлекеттік оқу орнын бітіргендер-5, сырттай жекеменшік оқу орнын бітіргендер саны- 18.

Балабақшамызда Тәрбиешілер -14, дефектолог – 6, логопед -6, Санаттары бойынша: Басшы көшбашы-1, сарапшы-1, педагог-модераторла-13, II- санат -4 , санаты жоқ педагогтар-15 .

2024-2025 оқу жылына мерзімінен бұрын педагог-модератордан 1 тәрбиеші педагог-сарапшыға өтті, 3 тәрбиеші 1 педагог-психолог педагог-модератор санаттарына өтті.

6. Мекемеге қабылдау және шығару тәртібі.

1. Балаларды балабақшаға қабылдау мекемедегі түзету үлгісіндегі (логопедиялық) топтарға бір жастан бес-алты жасқа дейінгі балалар қабылданады. Сөйлеу қабілеті бұзылған (логопедиялық) балаларға арналған топтардың қызметі сөйлеу тілі кеш шыққан үш жастан бес (алты) жасқа дейін, жалпы сөйлеу тілі толық дамымаған, соның ішінде алалия, дизартрия, ринололия, жалпы тіл кемістігі бар , тұтықпа және сөйлеу тілінде ауытқушылығы бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың арнайы білім беру бағдарламасына сәйкес асырылады. Түзету-дамытушылық жұмысы логопед, дефектолог, психологтардың топтық және жеке түзету сабақтарының түрі ретінде көмек көрсетіледі.

Даму мүмкіндігі шектеулі логопедиялық топтарға (сөйлеу қабілеті бұзылған) балалар мына құжаттар болғанда қабылданады:

- 1) Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мекемесінің қортындысы мен жолдамасы;
- 2) Ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өтініштері;
- 3) Туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 4) Ата-аналардың жеке куәлігі көшірмесі;
- 5) Балабақша психологының педагогикалық-психологиялық мінездемесі;
- 6) (логопедиялық) педагогикалық консилиумның қортындысы;

- 7) Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған санаторлық балабақшаларда мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды күтіп-бағу тегін негізде ұсынылады.
 - 1) Балалар сағ 8:00-ден 18:30-ға дейін бес күндік жұмыс күн тәртібімен тәрбиеленеді.
 - 2) Мекемедегі топтар бірдей жастағы немесе әр жастағы қағидат бойынша жинақталады.
 - 3) Балабақшада баланың орны мынадай жағдайда сақталады:
 - 1) Бала ауырып қалғанда;
 - 2) Бала медициналық санаторлық-курорттар және өзгеде ұйымдарда

7. Бақылау және басшылық

Оқу-тәрбиелеу жұмысын бақылау, тәрбиешілер жұмысын тікелей қадағалау мен талдау арқылы жүзеге асырылады. Бақылаудың мынадай түрлері өткізілді: Тықырыптық, салыстырмалы, ағымдағы және жан жақты. Тақырыптық , бақылау тәрбиешінің жұмыс істеу жүйесін бағдарламада көзделген қандай да бір тақырып шегінде зерттеуді көздеді. Бақылаудың нәтижелері педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы кеңес әдістемелік кеңестің талқылауына шығарылды.

2021-2022 оқу жылында «Келешек» санаториялық бөбекжай балабақшасы 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру қызметін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; Мектепке дейінгі оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырды. Өткен оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруда балабақша ұжымы мынадай мақсат қойды.

Баланың қажеттілігін қанағаттандыру және қабілетін анықтау мақсатында оның жеке тұлға ретінде қалыптасып дамуына қолайлы жағдайлар туғызу, заттық- кеңестік дамытушы ортаны құру.

1. Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салытының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту. Бала денсаулығын нығайту мен сауықтыру шараларының жүйесін жетілдіру.
2. Шығармашылық ойлау мәдениеті, эстетикалық талғамды дамыту. Сурет салудың дәстүрден тыс әдіс – тәсілдері арқылы балалардың шығармашылығын қалыптастыру. Отбасы мен балабақша арасындағы сенімді іскерлік байланыстарды орнату. Алынған міндеттерді іске асыру үшін жылдық жоспар түзілді, атқарылатын іс-шаралары жоспарланды. Өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспар жасалып, перспективалық жоспарға сәйкес балалармен табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын, әдістері мен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт беретін циклограмма құрылды. Балабақша педагогтары балаларды шаршатпай баланың ынтасын, тілегін ескеріп, бала үнін тыңдай отырып ұйымдастырылған оқу қызметтерін 5 білім беру салаларын кіріктіре отырып, ойын түрінде өткізді. Ұйымдастырылған оқу қызметтері үнемі топ бөлмесінде ғана емес, ойын алаңдарында жоспарланды. Ойын барысында тәрбиешілер балалардың өз тәжірибелерін оң және теріс деп талдауға, өз эмоцияларын реттеуге үйретті, өмірлік маңызды дағдыларын дамытты. Онда балалар өз бетінше үйренуге, ойын материалдарымен мүмкіндік алса, тәрбиешілер баланың қабілетін бақылап, баланың қабілетіне қарай тәрбиелеуге мүмкіндік алды.

8. Оқу-материалдық активтер

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік кеңестік дамытушы орта құру негізгі мақсатқа алынды. Жабдықтар мен жиһазға жүк құжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері қосыла беріледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді.

Білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттарының 1-қосымшасы

**«Келешек» санаторлық бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік мекемесі оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру қызметін бағалауға арналған
өлшемшарттары**

P/C	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайтадаярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	80-94%	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған / растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	80 %-дан төмен	3
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтардың үлесі	80%-дан төмен	2
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13 272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	80-94%	3
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	80-94%	3
6	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100%	5
7	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	80% - дан 100% - дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% - дан 79% -ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50% –дан 64% - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50% –дан кемі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
8	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	80% -дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50% -дан 64%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50% -ден кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	